

МЕМОРАНДУМ
ынтымақтастық туралы
Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі МКҚК
Маңғыстау облысы білім басқармасы және «Ақтөбе сервис колледжі»
МКҚК Ақтөбе облысы білім басқармасы арасында

« ____ » _____ 2024 ж.

Бұдан әрі «Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі» МКҚК басшысы Абдуллаев Кадирбек Батешұлы колледж атынан Достық байланыстарға қол жеткізу және білім беру саласындағы әріптестікті дамыту мақсатында «Ақтөбе сервис колледжі» МКҚК деп аталатын бір жағынан жарғы негізінде әркет ететін колледж басшысы Кужаков Айбек Бауржанович болашақта бірлесіп аталған тараптар төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

Білім беру, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтегі ынтымақтастық мақсатында, колледждер арасындағы әріптестік жүйесін дамытуды қамтамасыз ету үшін Тараптар келесі бағыттардағы жұмыс бойынша келісімге келді:

1.1. Кәсіптік білім берудің бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, жоғары білікті кадрларды даярлау, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру.

1.2. Идеялармен, ақпаратпен және технологиялармен алмасу үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ басым бағыттар шеңберінде бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру.

2. Өзара әрекеттесу формалары

Осы Шарт шеңберінде ынтымақтастықты іске асыру процесінде тараптар өзара іс-қимылдың мынадай нысандарын ұйымдастыра алады:

2.1. Бірлескен кездесулер мен талқылаулар.

2.2. Тараптардың қызметі нәтижесінде қажеттіліктер және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктері туралы ақпаратты қоса алғанда, ынтымақтастық саласына қатысты ақпарат алмасу (Тараптардың бір-біріне хабарламалар, қоңыраулар, хаттар және т.б. жіберу арқылы).

2.3. Тараптардың қызметіне қатысты және өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша консультациялар.

2.4. Осы Шарттың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды жоспарлау (бағдарламаларды әзірлеу).

2.5. Халықаралық қатысуы бар бағдарламалар мен жобаларды қоса алғанда, жекелеген бағыттар бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау және іске асыру.

2.6. Тараптар қызметкерлерінің қатысуымен жобалар мен бағдарламаларға және өзге де сараптама түрлеріне ғылыми-техникалық сараптама ұйымдастыру.

2.7. Оқытушылық қызметті жүзеге асыру, дәріс оқу мақсатында білім беру және ғылыми бағдарламалар шеңберінде мамандармен академиялық алмасу.

2.8. Білім алушылармен өзара алмасу, теориялық және практикалық білімді тереңдету үшін қажетті жағдайлар жасау (практикадан өту үшін) жеке шақыру негізінде жүзеге асырылады.

2.9. Бірлескен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, көрмелер және дәріс сабақтар презентациялардың басқа түрлерін ұйымдастыру.

2.10. Колледждің инженерлік-педагогикалық құрамының білім алушылары мен қызметкерлерінің Тараптар ұйымдастырған бірлескен және инновациялық іс-шараларға қатысуы.

2.11. Тараптардың осы Шарт бойынша тараптардың ынтымақтастық бағыттарына қатысты мәселелер құзыретіне кіретін комиссияларды, комитеттерді, жұмыс және жобалау топтарын, өзге де консультативтік, сараптамалық және өзге де органдарды құруға және олардың қызметін қамтамасыз етуге қатысуы.

3. Қорытынды ережелер.

3.1. Ынтымақтастықтың нақты нысандары қызметтің барлық аспектілері бойынша Тараптардың тілектерін ескеретін жекелеген шарттарда немесе келісімдерде ескертіледі.

3.2. Осы Шарт Тараптардың өзара қаржылық шарттарынсыз жасалған.

3.3. Осы Шарт оған қойылған сәттен бастап және Тараптар қосымша келіскен мерзімге күшіне енеді.

3.4. Осы Шарт бірдей заңды күштің екі данасында жасалады және Тараптардың әрқайсысында бір данадан сақталады.

4. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері

Білім беру ұйымының атауы

«Ақтау технологиялық қызмет
көрсету колледжі» МКҚК
Маңғыстау облысының білім
басқармасы
130000 Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 27 ш/а 58 ғимарат
Филиал АҚ «Қазақстан Халық
Жинақ Банкі»
БИН: 860440000021
ИИК KZ286010231000036006
БИК HSBKKZKX


Серіктес білім беру ұйымының атауы

«Ақтөбе сервис колледжі» МКҚК
Ақтөбе облысының білім
басқармасы
030007 Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі № 5 ғимарат
АҚ "Еуразиялық банк"
БИН: 940940000502
ИИК KZ9594803KZT22030920
БИК EURIKZKA

Тел(факс) 7(7292)41-36-50,
87013840800

E-mail: pl-1@inbox.ru

Колледж сайты: Atks.kz

Басшы  К. Абдуллаев



Тел 54 64 14 (бухгалтерия)

87782550351

E-mail: office@niace.kz

Колледж сайты :

Басшы

 А. Кужаков

